

С МОМЕНТА ВНЕДРЕНИЯ СИСТЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ РАЦИОНАЛИЗАТОРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПО ГРУППЕ КОМПАНИЙ ЗАРЕГИСТРИРОВАНО БОЛЕЕ 16 ТЫСЯЧ РАЦИОНАЛИЗАТОРСКИХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ, ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ЭФФЕКТ ОТ РЕАЛИЗАЦИИ КОТОРЫХ СОСТАВИЛ СВЫШЕ ОДНОГО МИЛЛИАРДА ТЕНГЕ. КОЛИЧЕСТВО ЗАРЕГИСТРИРОВАННЫХ В БАЗЕ ДАННЫХ НОВАТОРОВ ПРЕВЫШАЕТ 10 ТЫСЯЧ ЧЕЛОВЕК.

Рамазан САДЫРКУЛОВ,  
главный инженер АО «НК «ҚТЖ»



№42 (3189)  
02/06/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## КАЖДЫЙ РЕБЕНОК ВАЖЕН: ЗАБОТА КРУГЛЫЙ ГОД

Более пяти тысяч детей стали участниками масштабного праздничного представления, которое прошло 1 июня в здании АО «НК «Қазақстан темір жолы» в честь Международного дня защиты детей. Приуроченные к празднику мероприятия – это лишь часть системной социальной политики ҚТЖ. Поддержка семей сотрудников, развитие талантов и забота о детях на станциях и линейных предприятиях ведутся компанией на постоянной основе под общим девизом «Каждый ребенок важен, каждая станция рядом!».

Мотивация талантливых детей в регионах – один из приоритетов ҚТЖ. Особое внимание уделяется детям до 13 лет из многодетных семей (4 и более детей) работников линейных и региональных подразделений. Юные таланты, ставшие призерами и победителями республиканских и международных турниров по спорту, творчеству и науке и в этом году получили поддержку. В честь праздника председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Талгат Алдыбергенов направил благодарственные письма родителям-железнодорожникам и полезные

подарки детям для развития их навыков в робототехнике, спорте и науке.

Кроме того, проведен конкурс «Теміржол балалардың көзімен». В канун праздника компания подвела итоги масштабного творческого конкурса сочинений и видеороликов среди детей от 6 до 13 лет. Участники рассуждали о безопасности на путях, поездах будущего и преемственности поколений.

Постоянная забота о семьях работников закреплена в Коллективном договоре ҚТЖ и включает регулярные меры поддержки и социальные гарантии. К примеру, одиноким



родителям, воспитывающим детей до 14 лет, выплачена помощь в размере 6 МРП. Родителям выпускников школ 25 мая предоставлен оплачиваемый отгул.

Кульминацией праздничных мероприятий стало грандиозное шоу в здании ҚТЖ для 5 000 детей сотрудников, прошедшее 1 июня: для ребят подготовили зрелищную программу, интерактивные игры и зажигательные танцы, оставившие всех гостей в полном восторге. И дети, и сами родители

искренне рады возможности прийти к мамам и папам на работу и увидеть ее изнутри – например, Димаш Сейдалин, руководитель группы департамента развития и бизнес-аналитики филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Проектно-аналитический центр», уже не первый год приводит свою дочь Даниеллу. Девочка гордится отцом и признается, что ей очень нравятся и концерт, и общая атмосфера праздника, поэтому, несмотря на обилие других интересов, в будущем она не исключает

возможности связать свою жизнь с железной дорогой. Такое преемство поколений доказывает, что для ҚТЖ поддержка детей – это не разовая акция к дате, а долгосрочные инвестиции в будущее, продолжением которых станет масштабный спортивный праздник 7 июня – впервые организованный на республиканском уровне детский турнир по мини-футболу среди 10 команд, объединяющий 100 юных спортсменов-железнодорожников.

Асель ШАЙХИНОВА

## СЫНАҚТАН ӨТУДЕ



«Жолаушылар тасымалы» АҚ 2026 жылғы 22 мамырдан бастап багаж және жүк-багажды рәсімдеу мен сүйемелдеу процестерін цифрландыруға арналған пилоттық жобаны сынақтан өткізіп жатыр.

Жоба №9/10 «Нұрлы жол-Алматы-2» бойынша бағытында іске асырылуда. Сынақ жұмыстары Нұрлы жол, Қарағанды және Алматы-2 станцияларындағы багаж бөлімшелерін қамтиды.

Жаңа цифрлық жүйе багаж және жүк-багажға қатысты операциялардың ашықтығын арттыруға, есеп жүргізуді жеңілдетуге және тасымалды рәсімдеу кезінде адами факторды барынша азайтуға бағытталған. Жүйе жөнелтілді қабылдаудан бастап, бағыт бойымен сүйемелдеуге дейінгі барлық процесті бірыңғай цифрлық тәртіпке келтіреді.

Платформа станция операторы арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар WMS, яғни қойма процестерін басқару жүйесі негізінде өзіне-өзі қызмет көрсету тәсілдері де қарастырылған. Айта кетейік, бұл цифрлық шешімді Astana IT University студенттері «Жолаушылар тасымалы» АҚ-мен дуалды оқыту бағдарламасы аясындағы ынтымақтастық негізінде әзірледі. Жоба барысында студенттер нақты өндірістік міндеттерді шешуге қатысып, алған білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алды. Алдағы уақытта «Жолаушылар тасымалы» АҚ бұл цифрлық шешімді барлық багаж бөлімшелеріне кезек-кезеңімен енгізуді жоспарлап отыр.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ



Асқар АЛМАҒАНБЕТ,  
Қазалы электрмен жабдықтау  
дистанциясы бастығы:

## Әлеуметтік жоба ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ТАРТУЫ

Жаркент қаласында Жетісу облысының әкімдігімен бірлесіп «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «Теміржол жөндеу» ЖШС көмегімен салынған 140 орындық жаңа балабақшаның ашылуы өтті.

Әлеуметтік нысан Алтынкөл – Жетіген теміржол желісін жаңғырту жобасы аясында іске асырылды. Жаңа балабақша аумағы абаттандырылған, жалпы ауданы 2 мың шаршы метрден астам заманауи екі қабатты ғимарат. Ғимаратта халықтың қозғалысы шектеулі топтарына арналған жеделсаты қарастырылған, заманауи дизайн жасалған, үй-жайлар қажетті жиһазбен толық жабдықталған.

Құрылыс-монтаж жұмыстары 2026 жылдың 20 мамырында аяқталып, қазіргі уақытта балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету үшін қажетті құжаттар



рәсімделуде. Теміржол жобалары бар өңірлерде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту елдің көлік саласын жаңғырту

бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұндай нысандарды іске асыру халықтың өмір сүру сапасын

арттыруға, қолайлы әлеуметтік орта құруға ықпал етеді және Қазақстанның көлік-транзит әлеуетін дамыту және ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға тартылған аумақтарды кешенді дамыту бойынша Мемлекет басшысы қойған міндеттерге сәйкес келеді.

Жаңа балабақшаның ашылуы ауқымды көлік жобаларын іске асыру көлік желісін дамытуға ғана емес, жергілікті тұрғындар талап ететін қосымша әлеуметтік нысандарды құруға да ықпал ететіндігінің жарқын мысалы болды.

Жібек МЕДЕТ

ТӨРТ айдың қорытындысы бойынша жоспарлы жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес орындалып, теміржол саласын сенімді электрмен қамтамасыз ету міндеті толық жүзеге асырылды. Еңбек қауіпсіздігі бойынша жұмысшы-қызметкерлерге тиісті нұсқаулықтар өткізіліп, арнайы киімдер мен қорғаныс құралдарының талапқа сай пайдаланылуы ұдайы қадағаланады. Өндірістік жарақаттың алдын алу және қауіпсіз еңбек жағдайын қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізіледі. Бұл жұмыстар электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыруға және апаттық жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА БОЛЕЕ

99 тыс.

ПАССАЖИРОВ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМИ МАРШРУТАМИ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И РОССИЕЙ.

В 2025-2026 ГОДАХ МОДЕРНИЗАЦИЯ МАГИСТРАЛЬНОЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СЕТИ ОХВАТЫВАЕТ

3 тыс. км

УЧАСТКОВ.

ПО ИТОГАМ 2025 ГОДА В ҚТЖ ЗАРЕГИСТРИРОВАНО

401

РАЦИОНАЛИЗАТОРСКОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ.

## НОВАЯ ГЛАВА ДЕПО КОКШЕТАУ

На станции Кокшетау после капитального ремонта торжественно открыли ТД-5 – оборотное локомотивное депо, которое многие десятилетия играет важную роль в обеспечении бесперебойной работы локомотивного хозяйства и безопасности движения поездов в регионе.

Руслан РАХМЕТОВ,  
Кокшетау

В церемонии открытия приняли участие генеральный директор ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Асан Умбетов, директор филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмола» Саят Бекенов, директор Курорт-Боровского эксплуатационного локомотивного депо Кажыбек Нашанов, ветераны отрасли и работники предприятия.

Торжественное мероприятие началось с традиционного приветствия гостей под звуки домбры. В своих выступлениях участники отметили важность модернизации производственных объектов и создания комфортных условий для железнодорожников.

Здание депо построено в 1993 году, последний капитальный ремонт проводился более 20 лет назад. Площадь здания около 4,3 тысячи квадратных метров.

– Сегодня мы открываем не просто обновленное здание депо, а создаем современные условия для труда железнодорожников и дальнейшего развития локомотивного хозяйства региона. Проведенная модернизация позволит повысить качество обслуживания локомотивов, производственную эффективность и безопасность движения поездов, – отметил Асан Умбетов.

В рамках капитального ремонта усилены фундаментные блоки, полностью обновлена кровля, отремонтирован фасад здания, заменены инженерные сети и электрические коммуникации, модернизировано



технологическое оборудование цехов, отремонтированы смотровые каналы для проведения технического обслуживания локомотивов.

Также обновлены помещения административно-бытового корпуса и дома отдыха локомотивных бригад, закуплена новая мебель.

Кроме того, депо получило современное оборудование, передислоцированное с других предприятий. В их числе станки для обточки колесных пар без выкатки, испытательные стенды для проверки узлов локомотивов, токарное и фрезерное оборудование, а также специализированные

установки для ремонта топливной аппаратуры и электрооборудования.

Во время экскурсии гостям продемонстрировали работу аккумуляторного, электроаппаратного, топливного, автоматного, инструментального и токарного цехов. Здесь выполняются работы по техническому обслуживанию локомотивов в объеме ТО-2, ТО-3, ТО-6 и ТО-7, а также восстановление и ремонт основных узлов и агрегатов.

– Для нас особенно приятно видеть, как развивается депо, которому многие посвятили десятки лет своей жизни. Здесь всегда работали настоящие профессионалы, и сегодня предприятие получает новое развитие, сохраняя лучшие традиции железнодорожников, – отметил председатель совета ветеранов Акмолинского отделения грузовых перевозок Аргын Аузаров.

В ходе торжественного мероприятия были награждены работники, принимавшие активное участие в капитальном ремонте депо. Почетными грамотами отмечены Шолпан Галеева, Михаил Трифонов и Канат Жагупаров.

Фото автора

## ҮШ ҚАЛА МАҢЫ ПОЙЫЗЫ ШЫҒАДЫ

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Астана



ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

Жазғы маусымда жолаушылар сұранысы артуына байланысты Ұлттық тасымалдаушы «Қарағанды-Балқаш», «Семей-Достық» және «Өскемен-Достық» бағыттары бойынша қосымша қала маңы пойыздарын тағайындайды.

Бұл бағыттар өңірлер арасындағы көлік қолжетімділігін арттыруға және жаз мезгілінде жолаушыларды тасымалдауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Біріншісі, №220/219 «Қарағанды-Балқаш» пойызы. Пойыз 2026 жылдың 1 маусымынан бастап күнара қатынайды. Жол бойында 19 аялдама қарастырылған. Қозғалыс кестесі: Қарағанды станциясынан жөнелту – 06:00, Балқаш станциясына келу – 12:48, Балқаш станциясынан жөнелту – 13:45, Қарағанды станциясына келу – 20:53. Пойыз құрамында 6 вагон бар: 2 купе және 4 плацкарт вагон. Жалпы сыйымдылығы – шамамен 300 орын.

Екіншісі, №457/458 «Семей-Достық» пойызы. Пойыз 2026 жылдың 3 маусымынан бастап күнара қатынайды. Пойыздың жүру бағыты бойынша 22 аралық станцияда тоқтау көзделген. Қозғалыс кестесі: Семей станциясынан жөнелту – 16:04, Достық станциясына келу – 10:55, Достық станциясынан жөнелту – 12:35, Семей станциясына келу – 06:02. Пойыз құрамында 7 вагон бар: 2 купе және 5 плацкарт вагон. Жалпы сыйымдылығы – шамамен 354 орын.

Үшіншісі, №459/460 «Өскемен-Достық» пойызы. Пойыз 2026 жылғы 3 маусымнан бастап күнара қатынайды. Пойыздың жүру бағыты бойынша 22 аралық станцияда тоқтау көзделген. Қозғалыс кестесі: Өскемен станциясынан жөнелту – 15:20, Достық станциясына келу – 11:05, Достық станциясынан жөнелту – 12:35, Өскемен станциясына келу – 07:22. Пойыз құрамында 7 вагон бар: 2 купе және 5 плацкарт вагон. Жалпы сыйымдылығы – шамамен 354 орын.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



**Маңғыстау темір жолының тарихы тереңде. Түбектен мұнайдың мол қоры табылып, қара алтын атқылаған өткен ғасырдың 60-жылдары жер асты қазынасын игеру мақсатында тартылған темір жол ұшқан құстың қанаты талатын құла дүзге жан бітіріп, табиғаты қатал өңірге жаңа өмір сыйлады. Бүгінде төрт құбыласы толысып, нағыз кемелденген шаққа қадам басқан Маңғыстау теміржолы алпыс жылдан астам уақыт ішінде қаншама ұлы өзгерісті бастан кешті...**



## МАҢҒЫСТАУ ТЕМІР ЖОЛЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Алпысыншы жылдардың алғашқы жартысында Мақаттан Ақтауға дейін 704 шақырымдық жол тартылып, әрі қарай Ақтаудан Өзенге дейін жалғасқан жол 1966 жылы тұрақты пайдалануға беріледі. Мақаттан Өзенге дейінгі жол 883 шақырымға жетіп, түбекке жан-жақтан қоныстанған халық көбейіп, қазіргі Ақтау қаласы көркейіп, Өзен мен Жетібай, Шетпе, Бейнеу сынды аудан орталықтары мен елді мекендер бой көтерген.

Мақат-Ақтау теміржолы қолданысқа берілгеннен кейін 1967 жылдың басында Атырау теміржол бөлімшесіне қарасты Маңғышлақ бөлімі құрылған. Арғы жағы Түркіб жолының тармағынан бастау алып, берісі Атырау атырабынан Үстірттің үстімен Маңғыстаудың қара ойына құлаған теміржол аз жылда түбекке жан бітіріп, жылдам дами бастады.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдар Маңғышлақ теміржолы үшін де қиын-қыстау, түрлі сынаққа толы кез болды. Бұрынғы одақтас республикалар арасындағы байланыстың үзіліп, теміржол шаруашылығындағы қалыпты ырғақ бұзылып, ауытқи бастаған кез болғандықтан жүк тасымалы екі-үш есеге дейін кеміп кетті. Сондай шешуші сәттерде Маңғышлақ теміржолын басқарған басшылардың алдында үлкен міндет тұрды. Сол күндердің күәгерлерінің, ардагерлердің айтуынша, бұл – тығырықтан жол тауып күнелту, жол бойындағы теміржол кәсіпорындарын ыдыратпай сақтап қалу, тәжірибелі кадрлардан айырылып қалмау міндеті бірінші кезекке қойылған. Сол жылдағы темір жолды жөндеуден өткізу үшін ескі-жарамды материалдарды пайдаланып, жоқтан бар жасау тәжірибесі жаппай енгізіле бастады. Бұрынғыдай орталықтан қамтамасыз ету тоқтаған соң бұл да тығырықтан шығудың бір жолы еді. Теміржолшылар қосымша жүк іздестіріп, тасымал жұмыстарын ұйымдастырып, темір жолдағы қозғалыс ырғағын бір күн де тоқтатпады.

1997 жылы бұрынғы Алматы, Тың және Батыс теміржол басқармалары біріктіріліп, «Қазақстан темір жолы» РМК құрылуымен жағдай бірте-бірте оңалды. Нарықтың экономика заңдылықтары игеріліп, кәсіпорындар қарыздан құтылып, пайдаға жұмыс істей бастады. Бірақ жағдай әлі де күрделі еді...

2007 жылы түбек теміржолында тарихи өзгеріс орын алды. Маңғыстау теміржол бөлімшесі – НОД-14 құрылды. Бұл түбек темір жолының қырық жылдан астам тарихындағы түбегейлі бетбұрыс кезеңі еді. Жаңа бөлімше болып өз алдына отау құрған мекемеде теміржол телімінің өткізу қабілетін арттыру, жаңа техникаларды енгізу және соның негізінде жұмыс технологиясын жетілдіру, тасымалданатын жүктер мен жылжымалы құрамның сақталуын, пойыздар қозғалысының жақсартылуын арттыру, еңбек өнімділігін көтеру бағыттарына көбірек күш салу қажет болды. Сол жылдары темір жолда қызмет еткен білікті мамандардың тәжірибесі енді ғана құрылған бөлімшенің іргесін бекемдеуге жұмсалды. Әлеуметтік мәселеге көңіл бөлу жағы да ұмыт қалмады. Бөлімше ашылғаннан кейін республикадағы ірі төрт жоба: Бейнеу – Сексеуіл, Ералы – Құрық, Маңғышлақ – Баутино, Өзен – Түркіменстанмен мемлекеттік шекара теміржол желілерін тарту жобалары жүзеге асты. Бұлардың төртеуі де Маңғыстау теміржолы арқылы жүргізілгеннен кейін өңірдің экономикалық-индустриалдық дамуына орасан зор мүмкіндіктер ашқаны айтпаса да белгілі.

Жаңа бөлімше басталқы кезде Оазис станциясы арқылы Өзбекстан теміржолымен, Болашақ станциясы арқылы Түркіменстанмен, 468 белкез Атырау жол бөлімшесімен, бір жағы Ақтау порты арқылы Баку, Махачкаллага баратын теңіз жолымен шектесе, қазір Құрық порты ашылып, жүк тасымалдау мүмкіндігі тағы да молая түсті.

Енді осы аталған нысандарға тоқтала кетсек, 2013 жылы Түркіменстанмен шектесіні Болашақ станциясы ашылып, көрші елмен арадағы теміржол қатынасының тұсауы кесілді. Болашақ – Серхетяка – Парсы шығанағы елдеріне шығатын транзиттік теміржол желісінің Қазақстан, Түркіменстан, Иран және әрі қарай жүк ағындарының теңізге шығу жолы пайда болды. Құрылыс жұмысы 2009 жылы басталған бұл жоба-

дыру да оң ықпал еткен. Бұрын бір пойызды рәсімдеуге үш сағат уақыт кетсе, енді ол бірнеше есеге қысқарып, жарты сағаттай ғана уақыт жұмсалады.

Маңғыстау теміржолының тасымалында маңызды орын алатын Ақтау теңіз портын да айтпай кете алмаймыз. Ақтау портының тарихы әріді жатыр. 1969-1986 жылдары төрт мұнай құю айлағы мен паром кешені салынған. Сол кездері нысан арқылы өтетін тасымалдың



да қазақстандық темір жолдың ұзындығы 146 км құрады. Осы аралықта 7 жаңа станция, 68 жасанды ғимарат, 4 көпір салынды. Бүгінде Болашақ станциясы арқылы әрі-бері өтіп жатқан жүк тасқыны жоғары, жылдан жылға артып келеді.

2014 жылы мың шақырымға жуық Бейнеу – Жезқазған теміржол желісі салынып, іске қосылды. Жезқазған – Сексеуіл – Шалқар – Бейнеу арасында теміржол арқылы байланыс көпін арнатқан бұл жоба екі жылға жуық уақыт ішінде салынды. Бейнеу – Шалқар телімінің ұзындығы 498 шақырым. Оның Маңғыстау бөлімшесіне қарайтын бөлігі Бейнеу – Тассай аралығы. Бұл жолдың қолданысқа берілуі Арқаның астығын, тау-кен өнімдерін Ақтау арқылы Еуропа, Парсы шығанағы елдеріне шығаруға зор мүмкіндік берді. Жол бойындағы ірілі-ұсақты елді мекендердегі әлеуметтік жағдайға оң ықпал етіп, өңірдің экономикасына зор серпіліс жасады.

Түбек теміржолының тынысын кеңітіп, құлашын кеңге жаюына мүмкіндік беретін тағы бір маңызды жоба Құрық портының ашылуы болды. Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан Құрық порты географиялық тұрғыда қолайлы ауа-райын қамтамасыз ететін шығанақта тұр. Порт автомобильдер мен теміржол паромдарын жыл бойына қабылдай алады. 2016 жылы Құрық порты іске қосылса, 2017 жылы порттың теміржол паромы терминалы алғашқы миллион тонна жүкті өткізді. Жалпы Құрық порты түбек теміржолының жүк тасымалын еселеп арттырып, Кавказ бен Еуропаға жол ашқан ғаламат жоба болғаны анық.

Жыл өткен сайын Құрық портының тынысы кеңейіп, жаңа терминалдық қуаттары іске қосылуда. 2023 жылғы қыркүйек айының соңында Құрық портындағы «Саржа» көпфункционалды теңіз терминалының (КТТ) бас терминалында жүктің бірінші партиясы қабылданған еді. «Саржа» КТТ құрылысының жобасы бірнеше терминалдың (астық, жалпы және сұйық жүк, әмбебап) және көлік-логистикалық кешеннің құрылысын қамтиды. Жобаны іске асыру порттың мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге және өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін күшейтуге мүмкіндік берді.

2017 жылдан бастап Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы жүк тасымалдау белсенді түрде жүзеге асырыла бастады. Содан бері бұл бағдар арқылы 15 млн тоннадан астам жүк тасымалданыпты. Қазірде аталған маршрутпен өткізу мүмкіндігі жылына 6 млн тоннаға дейін жетті. Мұндай нәтижеге жетуге кедендік рәсімдерді автоматтан-

дыру да оң ықпал еткен. Бұрын бір пойызды рәсімдеуге үш сағат уақыт кетсе, енді ол бірнеше есеге қысқарып, жарты сағаттай ғана уақыт жұмсалады. Маңғыстау теміржолының тасымалында маңызды орын алатын Ақтау теңіз портын да айтпай кете алмаймыз. Ақтау портының тарихы әріді жатыр. 1969-1986 жылдары төрт мұнай құю айлағы мен паром кешені салынған. Сол кездері нысан арқылы өтетін тасымалдың

басым көпшілігін мұнай тасымалы құраған – 80-жылдардың басында жылына 7 млн тоннаға дейін жетсе, құрғақ жүктер тасымалдау жылына небәрі 300 мың тоннадан аспаған. КСРО ыдыраған соң Ақтау теңіз порты Каспий бассейніндегі мемлекеттерді өзара байланыстыратын маңызды көлік торабына айналып, тәуелсіз Қазақстанның халық-шаруашылық кешенін дамытуда стратегиялық маңызға ие болған. 1999 жылы Ақтау теңіз порты толық қайта құрудан өтіп, бұл уақыт порт тарихында шешуші кезең болып есте қалған.

Бүгінде порт аумағы үлкейіп, мүмкіндіктері молайған. Паром кешенінің өткізу қабілеті 2 млн тоннаны құрайтын Ақтау портына Баку порты арасында тұрақты паром қатынасы орнатылған. Теміржол паромдары мен Ро-Ро кемелері мұнай өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды, астық және минералды тұрғын үй құрылыстары 18-20 сағат ішінде 253 теңіз жүнімен еңсеріп тасымалдайды. Паромдарға 54 теміржол вагонын және 35 ауыр жүк автомобильдерін сыйғызуға болады.

Ақтау порты бойынша биылғы төрт айда 44 кеме жүк тиеліп жіберілген. 143 мың тонна бидай тасымалданған. Ал Құрық портында 29 кеме жөнелтіліп, 101 мың тонна жүк шетел асқан. Ауа райының қолайсыздығына, 53 күн дауыл болуына қарамастан ауыстырып тиелу жұмыстары жалғасып, қорықтандырыс осылай жоғары деңгейді көрсеткен.

ТХКБ маршруты бойынша контейнерлік кемелер көбейіп, аталған мерзімде осы бағытпен 85 кеме жүк жөнелтілген. 15 275 контейнер ауыстырып тиелген. Тек Құрық портынан 3218 вагон ауыстырып тиеліп, 253 мың тонна жүк тасымалданған. Портқа дейінгі станцияда ашылған жаңа терминалда да жұмыс жандана түскен. Бұл нысан арқылы өткен жүктер көлемі де өткен жылғыдан артып, он кеме жөнелтілген.

Өткен жылдың жазында Маңғыстау теміржолының тарихында тағы бір елеулі оқиға орын алды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салынған контейнерлік хаб мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Жобаны «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ («KTZ Express» АҚ еншілес компаниясы атынан) Ляньоньнан портымен (Қытайдың ірі порттарының бірі) және «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ бірлесіп іске асырды.

Жаңа хаб транзиттік мүмкіндіктердің өсуін қамтамасыз етуге және Қазақстанның Шығыс-Батыс, сондай-ақ Солтүстік-Оңтүстік және басқа да халықаралық маршруттардағы маңызды буын ретіндегі позициясын нығайтады. Қазақстанда баламасы жоқ озық техноло-

гияларды қамтитын заманауи логистикалық инфрақұрылым контейнерлік жүктерді өңдеуді едәуір жеделдетеді.

Түбек теміржолының тасымалын арттырып отырған тағы бір нысан – қайта ашылғанына көп бола қоймаған Бейнеу астық терминалы. Аталған кәсіпорын бір ғана сәуір айында 21 вагон жүк түсірген. Төрт вагон тиеп, экспортқа жөнелткен.

Жалпы, теңіз порттары инфрақұрылымы нығайған үстіне нығайып жатыр, күн өткен сайын жаңа мүмкіндіктер қосылуда. Мәселен бүгінде Ақтау портында контейнерлік хабпен кемелер қозғалысын басқару жүйесін (КҚБЖ) құру, Құрық портында айлақ акваториясын тереңдету және №1 айлақты жаңғырту, сондай-ақ портта жол бойы сервистік инфрақұрылым құру жобалары аяқталған. Ал осы жылдың соңына дейін Ақтау порты акваториясын тереңдету және Құрық портындағы «Ерсай» терминалын, «Ерсай» контейнерлік терминалын салу, Құрық портындағы №2, 4 және 5 айлақтарды жаңғырту, бұксирлер сатып алу, сондай-ақ цифрлық шешімдерді енгізіп, оларды ТХКБ-ның бірыңғай цифрлық ортасына интеграциялау жоспарланып отыр. Аталған жобаларды іске асыру порт инфрақұрылымының өткізу қабілетін арттыруға және Қазақстанның Транскаспий бағдары бойынша негізгі транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді. Жалпы, соңғы бес жылда ТХКБ бойынша транзиттік тасымал көлемі үш есеге дейін артқан. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 300 мың контейнерге дейін жетеді деп күтілуде.

Міне, осының бәрі Теміржол арқылы Өзбекстан, Түркіменстанмен, теңіз жолы арқылы Әзербайжанмен шектесетін халықаралық статустық ие, Қазақстандағы бірден бір теңіз қақпасына ие Маңғыстау темір жолының орасан зор транзиттік әлеуетін айқындап, отандық көлік саласындағы зор рөлі мен маңызын көрсетеді. Қазақстанды ірі транзиттік хаба айналыдыру идеясын қолдаған Мемлекет басшысы мен көлік саласы басшыларының түбекке аударып отырған айрықша назары, қамқорлығының нәтижесінде қомақты инвестициялар тартылып, инновациялық жобалар енгізілуде.

Бүгінде түбек теміржолының, яғни Маңғыстау магистралдық желі бөлімшесінің негізгі жолдарының пайдалану ұзындығы 1080,7 шақырымға жетті. Оның ішінде 547,1 км ПЧ-12 Бейнеу, 533,6 км ПЧ-13 Маңғыстау жол дистанциясына тиесілі. Бағытталмалық бұрмалар 690 жиынтықты құрайды. Теміржол өткелдерінің саны да көбейіп, 60-қа жетті. Оның төртеуі күзетпелі өткел. Жүзден астам темірбетонды көпірлер, бес жүзге жуық темірбетонды құбырлар бар.

Биыл бөлімше жолдарының біраз бөлігінде өткізу сапасы тағы да жақсартады деп күтілуде. Қүйкен-Бекет2-Бекет3 аралығында 32,167 шақырым жол күрделі жөндеуден, станциялық жолдардың 16,984 шақырымы күшейтілген орташа жөндеуден өткізіледі деп жоспарланған. 16 бағытталмалық бұрма жаңасыммен ауыстырылып, 56 шақырым малға қарсы қоршау салу, мың шақырымнан астам аумақтағы қоршауларды жөндеу межесі қойылған.

Өткен төрт айда жүк айналымы бойынша толықтай орындалған. Жоспар 2 млн 558 мың тонна болатын болса, түбек теміржолшылары оны 2 млн 580 мың тоннаға жеткізген. Өткен айда күніне 105 вагон тиеу жоспары артығымен орындалып, пайыздық үлесі 127 пайызбен жабылған. Тәулігіне 267 вагон жүк түсірілген. Қалған көрсеткіштер де жүз пайыздың үстінде жүзеге асырылған. Бұл – тоғыз жылдық торабына айналған Маңғыстау темір жолының бүгінгі. Ал ертеңгі дамуы болашақтың еншісінде.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор

## «WORLD SKILLS» ЖОБАСЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

**Ардақ ҮСЕЙНОВА,**  
Жамбыл



САЙЫС

Жұмысшы және техникалық мамандықтарды даярлаудағы өзекті мәселелерді зерделеуге бағытталған «WorldSkills» жобасы – бүгінде кәсіби білім алған түлектердің бәсекеге қабілеттілігін сынау және бағалау алаңына айналған.



Жамбыл облыстық білім басқармасы ұйымдастырған «WorldSkills Jambyl – 2026» чемпионатында «Теміржол локомотивін басқару» құзыреттілігі бойынша кәсіби дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алған Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінің студенттері Саидмир Әбдібек пен Алан Сариев жүлдегер атанып, үздік үштіктің қатарынан көрінді.

Болашақ теміржолшылар конкурста бәсеке жоғары болғанын айтады. Олар «WorldSkills» – тек қана конкурс емес, шеберлік дағдыларын жетілдіру және дамытуға мүмкіндік берген жоба екенін жеткізді.

– Байқауға дайындық барысында өз мамандығымызға деген қызығушылығымыз арта түсті. Теориялық білімімізді, кәсіби дағдымызды көрсету үшін көп іздендік. Чемпионатта әр мамандыққа арналған тапсырмалар беріледі. Оны нақты жұмыс орнында белгілі бір уақыт ішінде орындау керек, – дейді облыстық чемпионаттың жүлдегері, болашақ машинист Алан Сариев.


Студенттерді чемпионатқа бастап барған колледж директорының оқу-өндіріс ісі жөніндегі орынбасары Жеңіс Тайбеков жыл санап аталған шеберлік байқауына қатысушылар қатары артып келе жатқанын, конкурсқа қатысқан колледж студенттерінің жақсы нәтиже көрсеткенін атап өтті.

Жеңіс Мәлсұлының айтуынша, конкурстың облыстық кезеңінде түрлі жұмысшы мамандықтары бойынша бақ сынаған үміткерлер топтық жұмыс бойынша бірінші орын, жеке кейінгі сынақ түскендердің төртеуі үшінші орынды олжалаған. Атап айтсақ, «Құтқару жұмыстары» құзыреттілігі бойынша «Төтенше жағдайда қорғау» мамандығының 1-3 курсы студенттерінен жинақталған «Арлан» тобы жеңіс тұғырына көтерілсе, «Сұңқар» тобы үздік бестікті түйіндеді.

Ал «Сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарда токарлық жұмыс» құзыреттілігі бойынша Арсен Оспан, «Дәнекерлеу технологиясы» құзыреттілігі бойынша Нұрислам Хасанов, «Теміржол локомотивін басқару» құзыреттілігі бойынша Саидмир Әбдібек және Алан Сариев үшінші орын жүлдегері атанған.

Суретті түсірген автор

## СТАВКА НА СЕРВИС И ЭФФЕКТИВНОСТЬ



ИНФРАСТРУКТУРА

**Представители СМИ ознакомились с ходом строительства нового сервисного депо по обслуживанию электровозов в городе Арысе – одном из ключевых железнодорожных узлов, расположенных на Транскаспийском международном транспортном маршруте.**

В выездном мероприятии для заинтересованных сторон и журналистов приняли участие заместитель акима Туркестанской области Ертай Алтаев, Чрезвычайный и Полномочный Посол Франции в Республике Казахстан Сильван Гиоге, а также представители акимата города Арыса, ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», ТОО «КТЖ – Пассажирские локомотивы» и Министерства промышленности и строительства РК.

Компания Alstom – мировой лидер в области интеллектуальной и устойчивой мобильности – продолжает расширять свое присутствие в Казахстане, развивая сервисную инфраструктуру и поддерживая растущий транзитный потенциал страны.

Депо в городе Арысе является одним из четырех сервисных объектов, реализуемых в рамках инвестиционного соглашения, подписанного в 2023 году между Alstom и Правительством РК. Общий объем инвестиций составляет 50 миллионов евро. В 2025 году компания Alstom открыла депо в Шу и начала



строительство аналогичного объекта в Астане. Кроме того, действующее сервисное депо компании уже функционирует в Алматы.

Новое депо в Туркестанской области предназначено для обслуживания электровозов, произведенных Alstom для АО «НК «Қазақстан темір жолы». После ввода в эксплуатацию оно сможет обслуживать до 120 секций локомотивов в месяц (или 1 440 в год). Ожидается, что реализация проекта позволит увеличить коэффициент технической готовности локомотивов до 97%, что повысит

надежность и эффективность железнодорожных перевозок как внутри страны, так и на международных маршрутах. Расположение депо в Арысе усиливает его стратегическую роль как сервисного хаба на ТМТМ – ключевом транспортном маршруте, соединяющем Китай и Европу через территорию Казахстана.

Во время посещения строящегося объекта гости ознакомились с ключевыми функциональными зонами будущего депо, а также визуализацией готового проекта и текущим прогрессом строительства.

Представители компании Alstom рассказали о технологиях, которые будут внедрены на объекте, включая современные решения в области диагностики, технического обслуживания и ремонта.

– Развитие сервисной инфраструктуры для электровозов имеет ключевое значение для транспортных амбиций и экономики Казахстана, поскольку помимо очевидного сокращения выбросов CO2 эксплуатационные расходы электровозов значительно ниже по сравнению с дизельными локомотивами, – отметил управляющий директор Alstom в Западной и Центральной Азии Жером Бойе.

